

Целиноград аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 132/16-8 "2024-2026 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 қарашадағы № 242/33-8 шешімі

Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округінің бюджеті туралы" 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 132/16-8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 191704 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 37 527,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 3 818,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 602,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 33 107,0 мың теңге;

2) шығындар – 37 975,5 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -448,5 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 448,5 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 448,5 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1, 4-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград аудандық мәслихатының төрағасы

Л.Конарбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімін

Д.Сабырғали

2024 жылғы 15 қараша

"Целиноград ауданының

экономика және қаржы бөлімі"

А.Беркеева

мемлекеттік мекемесінің

басшысының міндетін атқарушы

2024 жылғы 15 қараша

№ 257/33-8 шешіміне
1-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 132/16-8 шешіміне
1-қосымша

Шалқар ауылдық округінің 2024 жылға арналған бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сома, мың теңге
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	37 527,0
1			Салықтық түсімдер	3 818,0
	01		Табыс салығы	780,9
		2	Жеке табыс салығы	780,9
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 926,2
		1	Мүлікке салынатын салықтар	104,8
		3	Жер салығы	1,9
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 782,3
		5	Бірыңғай жер салығы	37,2
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	110,9
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	110,9
2			Салықтық емес түсімдер	602,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	602,0
			Мемлекет меншігіндегі	
		5		602,0

			мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	
4			Трансферттердің түсімдері	33 107,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	33 107,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	33 107,0

Функционалдық топ				Сома, мың тенге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	37 975,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33 381,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 381,2
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33 381,2
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	635,4
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	635,4
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	635,4

07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	936,1
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	936,1
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	936,1
12			Көлік және коммуникация	3 000,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 000,0
15			Трансферттер	22,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22,8
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	22,8
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-448,5
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(448,5

8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	448,5
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	448,5
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	448,5

Целиноград аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 15 қарашадағы
№ 257/33-8 шешіміне
2-қосымша
Целиноград аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 132/16-8 шешіміне
4-қосымша

2024 жылға арналған аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер

Атауы	Сума, мың тенге
1	2
Барлығы, оның ішінде:	33 107,0
Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде:	33 107,0
ауыл, ауылдық округ әкімі аппараттарының ағымдағы ұстауына	28 635,5
мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге	635,4
елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға	836,1
жолдарды күтіп ұстауға	3 000,0